

 air astana  FlyArystan	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

ЭЙР АСТАНА ТОБЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АЯСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

МАЗМҰНЫ

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7
2. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	7
3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ	8
4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ҮШІН ЖАУАПТЫ ҚОҒАМ БӨЛІМШЕЛЕРІ	9
5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ	10
6. МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН БІРЛЕСІП ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕЗІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ	11
7. КОНТРАГЕНТТЕРМЕН НЕМЕСЕ ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӨЗГЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ БАРЫСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ.....	11
8. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚАУІПТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ	13
9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАУҒА ИТЕРМЕЛЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА	13
10. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АЯСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ..	14
11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК	14
12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	14
1-ҚОСЫМША ТОП ЖҰМЫСКЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМАСЫ.....	16
2-ҚОСЫМША ТОП ЖҰМЫСКЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚТАР ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ	20

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Актив парақорлық – пара ұсыну, уәде беру, рұқсат беру немесе төлеу (тікелей немесе жанама), сондай-ақ осы мінез-құлыққа көмек немесе жәрдем көрсету.

Пара¹⁰ – Мемлекеттік лауазымды тұлға пара берушінің мүддесінде өз қызмет жағдайына байланысты жасауы мүмкін немесе жасауға тиісті болатын іс-әрекеті (немесе, керісінше, әрекетсіздігі) үшін осындай тұлға қабылдаған материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда не қызмет көрсету.

Мемлекеттік лауазымды тұлға – мемлекеттік қызметтегі адам, мәслихат депутаты, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді мемлекеттік қызметке тағайындалғанына дейін уақытша атқаратын адам, сондай-ақ офицерлер құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшісі әскери лауазымына уақытша тағайындалған немесе оның міндетін уақытша атқаратын адам; және/немесе

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының бюджет қаражатынан жүргізілетін, кәсіби тұрақты негізде өкілеттіктерін жүзеге асыратын аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан жүргізілетін қызметші; және немесе

- мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері; қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері.

Эйр Астана Тобы немесе **Топ** – «Эйр Астана» АҚ, «FlyArystan» АҚ, сондай-ақ «Эйр Астана» АҚ қатысу үлесінің немесе акцияларының 50 (елу) және одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иеленетін кез келген басқа заңды тұлғаларды білдіреді.

¹⁰ «Пара» термині мемлекеттік қызметшіні параға сатып алуды белгілеу үшін пайдаланылады, ал коммерциялық құрылым қызметкерін параға сатып алуды белгілеу үшін «Параға коммерциялық сатып алу» термині пайдаланылады.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

Лауазымды тұлғалар – Эйр Астана Тобының атқарушы органы мен Директорлар кеңесінің мүшесі/мүшелері.

Параға коммерциялық сатып алу – коммерциялық немесе өзге ұйымда басқарушылық функцияларды атқаратын тұлғаға оның параға сатып алуды жүзеге асыратын тұлғаның мүддесінде өзінің қызмет бабын пайдаланғаны, сондай-ақ қызметі бойынша жалпы қамқорлық көрсеткені немесе салғырттық танытқаны үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе басқа да мүлікті заңсыз түрде беру, сондай-ақ оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз түрде көрсету.

Контрагент – Топ немесе Топ компанияларының бірі ынтымақтастық туралы шарт (мысалы, қызмет көрсету/тауарларды жеткізу туралы шарт, агенттік келісім, және тағы басқа) жасасқан немесе жасасуды жоспарлайтын жеке немесе заңды тұлға.

Мүдделер қақтығысы – Жұмыскердің/Лауазымды тұлғаның жеке қызығушылығы/жеке мүдделері немесе қызметі Топтың немесе Топ компанияларының бірінің мүдделеріне қайшы келетін немесе оларға қайшы келуі ықтимал болып, сол арқылы Топтың немесе Топ компанияларының бірінің істеріне қатысты мәселелер бойынша лауазымдық міндеттерді әділ атқаруға және шешімдердің әділ қабылдануына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін кез келген жағдаят немесе жағдай.

Сыбайлас жемқорлық – жеке тұлғаның өзі немесе немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, бағалы заттар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар түрінде пайда көру мақсатымен Топтың немесе Топ компанияларының бірінің, мемлекеттің заңды мүдделеріне қарамастан қызметтік жағдайын немесе өкілеттіктерін теріс пайдалануы, пара беруі және/немесе алуы, параға коммерциялық сатып алуы не өзінің лауазымдық жағдайын өзге де заңсыз түрде пайдалануы немесе көрсетілген тұлғаға басқа жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз түрде беруі, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді Топтың немесе Топ компанияларының бірінің, басқа заңды тұлғаның атынан немесе мүдделерінде жасауы.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Пассив паракорлық – тікелей немесе жанама түрде пара сұрау, қабылдауға немесе алуға келісу.

Сыйлық – Ойын-сауық болып табылмайтын, орнына бірнәрсе алуды көздемей берілетін кез келген құндылық (игілік және (немесе) қызмет).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Топтың немесе Топ компанияларының бірінің Жұмыскерлерінің/Лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

 	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

(профилактика) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру) жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Топта немесе Топ компанияларының бірінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуді қамтамасыз ететін ішкі құжаттармен регламенттелген корпоративтік мәдениет элементтерін, ұйымдық құрылымды, қағидалар мен рәсімдерді енгізуге бағытталған іс-шаралар.

Жұмыскер – Топ компанияларының бірімен еңбек қарым-қатынасында тұратын және тікелей еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын тұлға, сондай-ақ агенттіктер арқылы және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша тартылатын өзге де тұлғалар.

Ойын-сауық іс-шарасы (Ойын-сауық) – Жұмыскердің лауазымдық міндеттеріне байланысты Контрагентке немесе Контрагент тарапынан қатысуға ұсынылатын саяхат, мекендеу, асқа шақыру немесе қонақжайлылық көрсету (сауық кеші, көріністер, концерттер, спорттық іс-шаралар және т.б.).

Ынталандырушы төлемдер — күнделікті ресми іс-әрекеттерді (мысалы, рұқсаттарды, лицензияларды немесе өзге де ресми құжаттарды беру; визаларды, жұмыс рұқсаттары мен өзге де иммиграциялық құжаттарды беру; кеденнен тауарлардың босатылуына рұқсат алу; жылжымайтын мүлікті немесе көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу; коммуналдық немесе өзге де қызметтер көрсету (мысалы, телекоммуникациялар, күзет) және т.с.с.) жеделдету мақсатымен Мемлекеттік лауазымды тұлғалардың немесе олардың отбасы мүшелерінің пайдасына жасалған төлемдер.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Саясат Эйр Астана Тобының бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарына және іскерлік беделге қолдау көрсетуге бейілділігін көрсетеді. Топ әділ және адал ұйымның беделі оның ең құнды активтерінің бірі болып табылатынын мойындайды, сыбайлас жемқорлық оның бизнесі мен құндылықтарына қауіп төндіреді деп санайды.

1.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты Топтың берік ұстанымы оның бизнесін жүргізудің іргелі принциптерінің бірі болып табылады. Топ бүкіл әлем бойынша тікелей немесе үшінші тұлғаларды тарту арқылы жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға немесе кез келген түрдегі парақорлыққа тыйым салады. Топ сыбайлас жемқорлықтың қабылданбауы туралы ашық мәлімдейді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу аясында қосымша міндеттемелерді өз еркімен қабылдайды.

1.3 Осы Саясат Топқа кіретін барлық компанияларға қолданылады.

1.4 Осы Саясат Топқа кіретін компаниялардың корпоративтік сайттарына және олардың ішкі онлайн ресурстарына орналастырылады.

2. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

2.1 Осы Саясат келесі мақсаттар үшін әзірленді:

- Топта Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық заңнаманың принциптері, сондай-ақ бизнесті жүргізудің жоғары этикалық нормалары сақталатын корпоративтік ортаны қалыптастыру;
- Жұмыскерлер, Лауазымды тұлғалар, Контрагенттер және өзге де үшінші тұлғалар үшін Топтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың бірыңғай принциптерін айқындау¹¹;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарына және Топтың ішкі саясаттарына сәйкес Топ Жұмыскерлерінің мемлекеттік ұйымдарды қоса алғанда, үшінші тұлғалармен бірлесіп әрекет етуін ұйымдастыру;
- Топ жұмысының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес принциптері туралы барлық мүдделі тұлғаларға хабарлау.

2.2 Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік актілерінің, халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларына сәйкес әзірленген. Топтың барлық Жұмыскерлері атқарылатын лауазымы мен Топтағы жұмыс өтіліне қарамастан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың және өзге де ішкі реттеуші құжаттардың талаптарын бұлжытпай орындауы тиіс.

2.3 Осы Саясат Жұмыскерлерге, Лауазымды тұлғаларға, сондай-ақ Топ тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін агенттерге, консультанттарға және басқа да үшінші тұлғаларға қолданылады. Топтың ешбір Жұмыскері мен Лауазымды тұлғасы делдалдарды, агенттерді, консультанттарды немесе өзге де үшінші тұлғаларды пайдалана отырып, осы Саясаттың талаптарын айналып өтуге құқылы емес.

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

3.1 Топтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл келесі негізгі принциптерге негізделеді:

- *«нөлдік төзімділік» принципі* (сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрі мен формасын қабылдамау) – қандай да болсын елде бизнес жүргізу тәжірибесіне қарамастан Топтың Жұмыскерлері мен Лауазымды тұлғаларына, сондай-ақ Топтың атынан және/немесе оның мүдделері үшін әрекет ететін басқа тұлғаларға сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне тікелей немесе жанама түрде жеке өзі немесе қандай да болсын делдалдық арқылы қатысуға тыйым салынады;
- *«Жоғарыдан бағыт беру» принципі* – Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органдар және жоғары басшылық өз іс-әрекеттерімен Топ Жұмыскерлеріне бизнес

¹¹ Осы Саясатқа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын орындау жөніндегі Топ Жұмыскерінің жадынамасы» деген 1-қосымшаны қараңыз

 air astana  FlyArystan	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын сақтау және ілгерілету және кез келген көріністегі сыбайлас жемқорлықты қабылдамау жөнінде үлгі береді.

- *тиісті сақтық принципі* – сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін немесе сыбайлас жемқорлық белгілеріне төзімді болатын контрагенттермен іскерлік қатынастар құру тәуекелін барынша төмендету үшін Контрагент туралы қажетті және шынайы ақпаратты алуға бағытталған шаралар мен іс-қимылдар кешенін қолдану;
- *сыбайлас жемқорлықтың алдын алу принципі* – Топ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша профилактикалық шаралар қолданады, яғни корпоративтік мәдениет элементтерін, ұйымдық құрылымды, ең алдымен сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтауға және оларды барынша төмендетуге бағытталған қағидалар мен рәсімдерді енгізеді;
- *жазадан құтылмаушылық принципі* – Топ корпоративтік басқарудың барлық деңгейлеріндегі алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген формасы мен көрінісіне ымырасыз қарсы болатынын мәлімдейді. Кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту олардың лауазымына және Топтағы жұмыс өтіліне және онымен орнатылған өзге де қарым-қатынасқа қарамастан, заңнама мен Топтың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;
- *мониторинг және бақылау* – Топ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдерге мониторинг жүргізеді, олардың орындалуын бақылайды және жүйелі түрде жетілдіріп отырады;
- *сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы ынтымақтастық* – Топ сыбайлас жемқорлық проблемасының жалпы әлеуметтік сипатын және оған мемлекеттік саясат аясында іске асырылатын іс-шаралар жолымен де, сондай-ақ Топ Жұмыскерлері мен Контрагенттері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру жолымен де қарсы іс-қимыл жасау қажеттігін мойындайды.

4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ҮШІН ЖАУАПТЫ ҚОҒАМ БӨЛІМШЕЛЕРІ

4.1 Директорлар кеңесі:

- өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, Топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы саясатын бекітеді;
- жылына кемінде 1 (бір) рет Топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің тиімділігін бағалайды.

4.2 Топтың атқарушы органдарының мүшелері:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ұсынымдарын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы қызметтің негізгі

 	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

бағыттарын айқындайды;

- Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ұсынымдарын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді әзірлеу, оларды енгізу және бақылау үшін жауапты құрылымдық бөлімшелерді тағайындайды;
- Топтың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы саясатының принциптері мен талаптарын іске асыратын ішкі құжаттарды бекітеді;

4.3 Заң департаменті:

- жергілікті, сондай-ақ қолданылатын халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға мониторинг жүргізеді және оған енгізілетін өзгерістерді қадағалап отырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шараларды іске асыруда әдіснамалық көмек көрсетеді, Жұмыскерлерге құқықтық білім береді;
- құқық қорғау органдары үшін материалдар дайындауға қатысады.

4.4 Персоналды басқару және әкімшілік мәселелер департаменті:

- Жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және осы Саясаттың талаптарын орындау міндеттерін енгізеді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытуды және білімдерін тексеруді ұйымдастырады.

4.5 COMPLAINTS қызметі:

- осы Саясаттың аясында «Комплаенс қызметі туралы ережеге» сәйкес әрекет етеді;
- Топтың Саясатын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы принциптер мен іс-шараларды әзірлейді;
- жаңа және жұмыс істеп жүрген Жұмыскерлерді Топта қолданыстағы рәсімдерге сәйкес, оның ішінде Топта пайдаланылатын электрондық платформалар және АТ шешімдері арқылы осы Саясатпен таныстырады;
- жаңа және жұмыс істеп жүрген Жұмыскерлер үшін жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша оқыту жүргізіп, алған білімдерін тексереді;
- Жұмыскерлерге және Контрагенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша консультациялар береді;
- осы Саясатты іске асыру үшін әзірленген құжаттар мен іс-шаралар бойынша ақпараттық-анықтамалық жұмысты қамтамасыз етеді.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Топтағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша негізгі шараларға мыналар кіреді:

Жұмыскерлер/Лауазымды тұлғалар үшін:

5.1 Топтың Жұмыскерлерін/Лауазымды тұлғаларын жұмысқа қабылдаған кезде осы Саясатпен таныстыру және тұрақты негізде осы Саясаттың негізгі ережелерін білуін және түсінуін тексеру.

5.2 Мүдделер қақтығысының болдырмау және реттеу.

5.3 Шынайы қаржылық есепті алуды қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы аудитті жүргізу аясында деректердің дұрыс және толық көрсетілуін бақылау.

5.4 Топтағы, оның тәуелді және үлестес компанияларындағы және басқа да үшінші тұлғалардағы құрылымы мен қызмет саласына байланысты ықтимал сыбайлас жемқорлық қауіптеріне тұрақты талдау жүргізу.

5.5 Топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдері мен әдістерін бақылау және жетілдіру.

5.6 Құжаттардың жобаларына сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына ықпал ететін ережелердің енуіне жол бермеу, сондай-ақ қолданыстағы құжаттардағы осындай ережелерді анықтап жою үшін Топтың ішкі құжаттарына (өкімдік, нормативтік, шарттық), оның ішінде оларды дайындау және келісу кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрғыдан тексеру жүргізу.

5.7 Лауазымды тұлғаларға және Топтағы басшы лауазымына үміткерлерге біліктілік талаптарын қою.

5.8 Жұмыскердің/Лауазымды тұлғаның өз міндеттерін ұзақ және тиімді орындауы (оның ішінде тәртіптік жазалардың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапқа тарту фактілерінің болмауы) жоғары тұрған лауазымға тағайындаған кезде немесе көтермелеген кезде міндетті түрде ескеруді талап ететін қағиданы енгізу.

5.9 Топта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекет ету механизмін құру.

5.10 Топ Жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға белсендірек қатысуына, Топта сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс қатынасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қолдану.

5.11 Топта ішкі бақылау жүргізуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты бөлімшелерді жетілдіру, олардың қызметін бақылау механизмдерін құру.

5.12 Топтың құрылымдық бөлімшелерінде осы Саясаттың және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының принциптерін сақтауға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды (ішкі аудит, ішкі бақылау, қауіптерді басқару және т.б.) енгізу;

5.13 Топта сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды қамтамасыз ететін тыйымдар, шектеулер мен рұқсат етулердің бірыңғай жүйесін орнату.

5.14 Топтың Лауазымды тұлғалары үшін белгіленген құқықтар мен шектеулерді, тыйымдар мен міндеттерді бірыңғайлау.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

5.15 Топтың мүлкі мен ресурстарын пайдалану тәртібін, сондай-ақ осындай мүлікті пайдалану құқығын беру және оны иеліктен шығару тәртібін жетілдіру.

Контрагенттер және Топпен жұмыс істейтін өзге де үшінші тұлғалар үшін:

5.16 Контрагент, серіктестер, агенттер, өзара қарым-қатынас, жоба немесе мәміле қатысушылары бойынша шарттық қатынастар құрғанға дейін немесе сыбайлас жемқорлық қаупін ықтимал анықтау үшін бизнес жобаға қатысқанға дейін ішкі кешенді тексеру жүргізу.

5.17 Топтың бекітілген ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес шарттық қатынастар жасасу (мысалы, клиенттер үшін корпоративтік іс-шараларды, демеушілік және қайырымдылық қызметін орындауды келісу).

5.18 COMPLAENCS қызметінің осы Саясатта белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Топтың принциптері мен талаптары туралы хабарлауын, оның ішінде ақпаратты Топ компанияларының корпоративтік сайттарына орналастыру арқылы хабарлауын қамтамасыз ету.

6. МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРМЕН БІРЛЕСІП ӨРЕКЕТ ЕТУ КЕЗІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

Пара беруге тыйым салу

6.1 Осы Саясатқа сәйкес Топтың Жұмыскерлеріне, Лауазымды тұлғаларына және Контрагенттеріне төмендегі іс-әрекеттерді жасауға тыйым салынады:

(а) Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға және олардың отбасы мүшелеріне заңсыз артықшылықтар¹² алу және бизнесті сатып алу немесе сақтау мақсатымен ақша қаражатын немесе басқа қандай да бір өзге құндылықты беру немесе ұсыну;

(б) Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға және олардың отбасы мүшелеріне қандай да бір құндылықты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беру, соның ішінде, мысалы, қандай да бір құндылықты Мемлекеттік лауазымды тұлғаға Топтың осындай тұлғасының немесе Контрагентінің туысы арқылы беру;

(в) Мемлекеттік лауазымды тұлға ақшалай соманы немесе қандай да бір өзге құндылықты сұраған жағдайларда да немесе Мемлекеттік лауазымды тұлға төлем орындалмаса, Топқа немесе Жұмыскерге қарсы ықпал ету шараларын қолданатынын білдіріп қорқытса да, тіпті ақша сомасын немесе қандай да бір құндылықты ұсыну немесе беру;

(г) Мемлекеттік лауазымды тұлға мұндай ұсыныстан бас тартса да немесе нәтижесінде күтілген нәтиже шықпаса да, пара ұсыну немесе уәде беру. Алынған параға қарамастан пара алушы өз рөлін тиісті түрде атқарса да, пара беруші адам осы Саясатты және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып әрекет етеді.

¹² Бұл ұғым мыналарды қамтиды: сапарлар, тамақтану, сыйлықтар және қызметтер мен жәрдем, қарыздар, тиімді қаржылық жағдайлар, сондай-ақ қарыздар бойынша кепілдіктер, инвестициялық немесе бизнес мүмкіндіктер, мүлікті немесе жабдықты пайдалану немесе жұмыс туралы ұсыныс сияқты басқа да материалдық және материалдық емес артықшылықтар.

 	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

Егер параны Жұмыскер емес, Контрагент берсе де және Топ Контрагенттің пара бергені туралы білмесе де, Топқа кудалау қаупі төнуі мүмкін екенін есте сақтау қажет.

Артықшылықтар алу кепілдігі

6.2 Осы Саясат заңсыз артықшылықтар алу, бизнесті сатып алуды немесе сақтауды қамтамасыз ету мақсатымен төлемдер жасауға тыйым салады. Мысалы, Мемлекеттік лауазымды тұлғаға айыппұл салмауға (салық салмауға) немесе мұндай айыппұлды (немесе салықты) барынша азайтуға көндіру үшін ақы төлеу қолданылатын заңнамалық немесе өзге де нормативтік талаптарды мәжбүрлеп орындатуды болдырмау мақсатымен ақы төлеу сияқты осы Саясатты немесе қолданылатын заңнаманы бұзу болып табылады.

Сыйлықтар мен ойын-сауық іс-шаралары

6.3 Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға арналған сыйлықтарды, ойын-сауық іс-шараларын және қонақжайлылық белгілерін реттеу Топтың Сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылыққа қатысты саясатында егжей-тегжейлі бекітілген.

Ынталандырушы төлемдер

6.4 Осы Саясатқа және Топтың Іскерлік мінез-құлық кодексіне сәйкес ынталандырушы төлемдерге тыйым салынады.

7. КОНТРАГЕНТТЕРМЕН НЕМЕСЕ ТОППЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӨЗГЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ БАРЫСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

7.1 Топ төмендегідей Контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас орнатуды көздейді:

- осы Саясатты қолдайды;
- іскерлік қарым-қатынасты адал жүргізеді;
- өз беделін ойлайды;
- жұмыста жоғары этикалық стандарттарды көрсетеді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысады.

7.2 Осы Саясат Топтың бизнесі үшін кепілдік алу немесе заңсыз пайда табу мақсатымен клиенттердің, жеткізушілердің немесе басқа коммерциялық серіктестердің пайдасына жасалатын параға коммерциялық сатып алуға және төлемдердің басқа түрлерін жасауға тыйым салады.

Осы тыйым параға коммерциялық сатып алуға қолданылады, Топ оны тікелей немесе жанама түрде беруі мүмкін, мысалы, сату/сатып алу жөніндегі мамандар комиссиялық немесе жалақы ретінде төленген ақша қаражатын пайдалана отырып, клиенттердің немесе жеткізушілердің пайдасына жасайтын төлейтін төлемдер.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

7.3 Топ Контрагенттерге осы Саясатты Интернет желісіндегі корпоративтік сайттарына орналастырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл принциптері туралы хабарлайды.

7.4 Контрагенттермен шарт жасасқанда және олардың сенімділік деңгейін бағалағанда Топ келесілерді тексереді:

(а) Контрагенттің толық және дұрыс ақпаратты және растайтын құжаттарды ұсынуын талап ете отырып, бенефициарлық меншік иелерінің тізбегін қоса алғанда, Контрагенттің меншік иелерінің құрылымын, сондай-ақ атқарушы органдардың құрамын;

(б) Контрагенттің нарықтағы беделі мен қызметін;

(в) Топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларына қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігін және т.б.

Пара беруге тыйым салу

7.5 Топ өз Жұмыскерлері мен Контрагенттеріне келесі іс-әрекеттерді жасауға тыйым салады:

(а) жеке тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде көрсетілген адамдардың лауазымдық міндеттерін немесе кәсіби қызметін тиісінше атқармауына қол жеткізу үшін қандай да бір құндылықты беруге уәде ету, ұсыну немесе беру, сол сияқты осындай адамдарға лауазымдық міндеттерін тиісінше атқармағаны немесе кәсіби қызметін жүзеге асырмағаны үшін сыйақы беру;

(б) жеке тұлға мұндай ұсыныстан бас тартса да немесе соңында сол адам қалаған нәтижеге қол жеткізе алмаса да, пара ұсыну немесе уәде беру.

Іскерлік сыйлықтармен алмасу, ойын-сауық іс-шаралары

7.6 Контрагенттерге, серіктестерге және басқа да үшінші тұлғаларға арналған сыйлықтарды, ойын-сауық іс-шараларын және қонақжайлылық белгілерін реттеу Топтың Сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылыққа қатысты саясатында егжей-тегжейлі бекітілген. Топ Жұмыскерлеріне арналған сыйлықтар жөніндегі нұсқаулық 2-қосымшада берілген.

Қайырымдылық жарналары және саяси қызметке арналған жарналар

7.7 Топ саяси партияларды, діни ұйымдар мен қозғалыстарды қаржыландырмайды.

Топтың ақшалай қаражаты мен ресурстарын саяси партияларға, олардың өкілдеріне, ұйымдарына, саяси науқандарды ұйымдастырушыларға, сондай-ақ жеке тұлғаларға саяси қызметі үшін жарналар беру мақсатымен пайдалануға тыйым салынады.

7.8 Жұмыскерлерге шарт жасасқанда немесе Топ атынан осындай қайырымдылық жарналарына байланысты болатын бизнесті жүргізгенде, саяси мақсаттарға қайырымдылық жасауға келісім беруге тыйым салынады. Жұмыскерлер мұндай төлемдер пара болып табылмайтынына және осы Саясаттың талаптарын бұзбайтынына көз жеткізуге міндетті.

Қайырымдылық

7.9 Топ жүйелі түрде қайырымдылық және коммерциялық емес ұйымдарға қолдау көрсетіп тұрады. Қайырымдылыққа қаражат осындай қайырымдылық төлемдері және оларды реттеу «Эйр Астана» АҚ әлеуметтік салаға инвестициялау нұсқаулығында» белгіленген Топта келісудің ішкі рәсімдеріне сәйкес бекітілген жағдайда ғана беріледі.

7.10 Топ өзі әрі өзінің тәуелді және үлестес ұйымдары үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатымен қайырымдылық көмек және/немесе өтеусіз демеушілік көрсетпейді.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

8. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚАУІПТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

8.1 Сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау және бағалау тәсілі осы қауіптерді уақтылы және тиімді басқаруды қамтамасыз ететіндей ұйымдастырылуы тиіс.

8.2 Топтың сыбайлас жемқорлық қауіптерін бағалау Жұмыскерлер, Лауазымды тұлғалар, Контрагенттер және Топпен ынтымақтастық құратын өзге де үшінші тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға аса бейім болатын нақты бизнес процестерді анықтау үшін жүргізіледі.

8.3 Топта сыбайлас жемқорлық қауіптерін бағалаудың келесі тәртібі белгіленген:

(а) Топ қызметін жекелеген бизнес процестер түрінде ұсыну;

(б) әр бизнес процесс үшін «шекті» нүктелер мен сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтарға ұшырауы мүмкін лауазымдарды белгілеу;

(в) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды сипаттау: сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кездегі пайданың сипаттамасы, паракорлықтың немесе параға коммерциялық сатып алудың ықтимал формалары;

(г) сыбайлас жемқорлыққа ұшырау қаупі жоғары лауазымдар тізбесін қалыптастыру;

8.4 Сыбайлас жемқорлық қауіптерін басқару төменде көрсетілгендей жүзеге асырылады:

(а) өткізілген іс-шаралар бойынша нәтижелерді бағалау мен есептілікті қоса алғанда, Топтың сыбайлас жемқорлық қауіптерінің карталарын дайындау;

(б) Топтың Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу саясатына сәйкес мүдделер қақтығысы туралы хабарламаны үнемі толтырып отыруды қоса алғанда, арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерді белгілеу;

(в) қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін бағалау;

(г) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың жаңаларын әзірлеу (қайта қарау) және қолданыстағыларын жетілдіру.

8.5 Сыбайлас жемқорлық қауіптерін бағалау осы Саясатты әзірлегенде және енгізгенде және бекітілгеннен кейін жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

8.6 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің тиімділігін мерзімді түрде бағалауды сыртқы консультанттар (аудиторлар) тәуелсіз тексерулер аясында жүзеге асырады.

9. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАУҒА ИТЕРМЕЛЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

9.1 Қоғам Жұмыскерлері Топтың бастамашылық ақпарат беру саясатына сәйкес оларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеудің барлық жағдайлары туралы өздерінің тікелей басшыларына және/немесе Комплаенс қызметіне хабарлауы тиіс.

9.2 Басқа Жұмыскерлер немесе олардың контрагенттері іс-әрекеттерінің заңдылығына, ықтимал сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне және ұрлықты, алаяқтықты, паракорлықты, параға коммерциялық сатып алуды, мүдделер қақтығысын және т.б. қоса алғанда, өзге де бұзушылықтарға қатысты күмән туындаған жағдайда, Жұмыскер, контрагент, акционер

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

немесе өзге тұлға ашық диалог түрінде (оның ішінде жасырын түрде) өз күмәндарын бөлісе алады.

9.3 Топ төмендегілерге кепілдік береді:

- заңнама талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлаған адамға қатысты құпиялықты сақтау;
- басқа Жұмыскердің не контрагенттің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы адал хабарлаған Жұмыскерге, тіпті мұндай фактілер құжатпен расталмаса да, сондай-ақ осындай құқық бұзушылықтарды жасаудан не оларға делдал ретінде қатысудан бас тартқан Жұмыскерге санкция қолданбау.

10. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АЯСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

10.1 Қазақстан Республикасы заңнамасының және өзінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтай отырып, Топ келесі мақсаттар үшін мемлекеттік органдармен, серіктестермен, клиенттермен ынтымақтастық орнатады:

- сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағанына күдікті (айыпталушы) адамдарды, олардың орналасқан жерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қатысы бар басқа да адамдардың орналасқан жерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлікті немесе оларды жасау құралы болып табылатын мүлікті анықтау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат алмасу;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қызметті үйлестіру.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

11.1 Осы Саясат талаптарының орындалуы үшін жауапкершілік атқаратын лауазымына қарамастан Топтың әр Жұмыскеріне жүктеледі.

11.2 Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Топтың барлық Жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Топтың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1 Осы Саясат кемінде 2 (екі) жылда бір рет қайта қаралуы тиіс.

12.2 Осы Саясат «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша толықтырылуы және

 air astana  FlyArystan	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

өзгертілуі мүмкін.

12.3 Осы Саясат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылды. Айырмашылықтар болған жағдайда Саясаттың орыс тіліндегі мәтіні басымдыққа ие.

Құжаттың тарихы		
Нұсқа нөмірі	Енгізілген өзгерістер (тек бөлімнің нөмірі мен атауы)	Күшіне ену күні
алғашқы		07/03/2019
02		12/05/2025

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясатқа
1-ҚОСЫМША

**ТОП ЖҰМЫСКЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН
ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМАСЫ**

1. Қандай іс-әрекетке тыйым салынады?

Топтың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы саясаты (бұдан әрі – «Саясат») Топта сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне тыйым салады: жеке тұлғаның өзі немесе немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, бағалы заттар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтар түрінде пайда көру мақсатымен Топтың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қарамастан қызметтік жағдайын теріс пайдалануы, пара беруі (Актив парақорлық), пара алуы (Пассив парақорлық), өкілеттіктерін теріс пайдалануы, параға коммерциялық сатып алуы не өзінің лауазымдық жағдайын өзге де заңсыз түрде пайдалануы не көрсетілген тұлғаға басқа жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз түрде беруі, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді заңды тұлғаның атынан немесе мүдделерінде жасауы.

2. Пара дегеніміз не?

Пара – бұл Мемлекеттік лауазымды тұлға пара берушінің мүддесінде өз қызмет жағдайына байланысты жасауы мүмкін немесе жасауға тиісті болатын іс-әрекеті (немесе, керісінше, әрекетсіздігі) үшін осындай тұлға қабылдаған материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда не қызмет көрсету.

Пара қаржылық немесе өзге де артықшылықты қоса алғанда, құнды бір нәрсе болуы мүмкін. Пара мысалдары мыналарды қамтиды (бірақ шектемейді):

- қаржылық төлемдер немесе ақшалай қаражатпен немесе олардың баламаларымен (мысалы, сыйлық сертификаттары) төлемдерге уәде беру;
- сыйлықтар, ойын-сауық және қонақжайлылық белгілері (мысалы, сапар, тамақтану және мекендеу);
- қызметтер;
- қарыздар және құнды қамтамасыз ету;
- кез келген түрдегі мүлік немесе мүліктегі қандай да бір үлес;
- өсімпұлдан қорғау және қандай да болсын міндеттемеден босату;
- сәйкес емес сыйақы үшін берілетін кез келген нәрсе;
- практика, жұмыс тәжірибесі немесе уақытша немесе тұрақты жұмыс ұсынысы;
- саяси немесе қайырымдылық жарналары.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

Параның қандай да бір жергілікті салада, бизнесте, кәсіпте немесе міндетте қажетті шара екендігінің дәлелдемесі парақорлықты қорғау үшін қолданыла алмайды.

3. Актив парақорлық

Қоғамның Жұмыскерлері үшін қабылдауға болмайтын іс-әрекеттер мыналар:

- Мемлекеттік лауазымды тұлғаға немесе оның отбасы мүшесіне немесе оның пайдасына немесе осындай адамдардың нұсқауы бойынша «ынталандырушы төлемдерді», өзге де заңсыз төлемдерді немесе артықшылықтарды қоса алғанда, пара ұсыну, уәде беру немесе төлеу;
- осындай мінез-құлыққа жәрдемдесу, делдал болу, көмектесу немесе қолдау көрсету.

Егер Топ Жұмыскері Мемлекеттік лауазымды тұлғаға немесе оның отбасы мүшесіне пара ұсынса, төлеуге тырысса немесе төлесе, оның орнына пайда көрмесе де, Саясат бұзылады.

4. Пассив парақорлық

Топ Жұмыскерлеріне келесі іс-әрекеттерді жасауға тыйым салынады:

- Мемлекеттік лауазымды тұлғадан пара сұрау, талап ету, алуға келісу немесе алу.

Жұмыскердің параны өз пайдасына немесе басқа адамның атынан алғанына қарамастан осы тыйым қолданылады.

Егер Топ Жұмыскері пара сұраса немесе талап етсе; іс жүзінде пара төленбесе де, Саясат бұзылады.

5. Параға коммерциялық сатып алу дегеніміз не?

Параға коммерциялық сатып алу – коммерциялық немесе өзге ұйымда басқарушылық функцияларды атқаратын тұлғаға оның параға сатып алуды жүзеге асыратын тұлғаның мүддесінде өзінің қызмет бабын пайдаланғаны, сондай-ақ қызметі бойынша жалпы қамқорлық көрсеткені немесе салғырттық танытқаны үшін ақшаны, бағалы қағаздарды немесе басқа да мүлікті заңсыз түрде беру, сондай-ақ оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз түрде көрсету.

6. Қай кезде артықшылық пара немесе коммерциялық параға сатып алу болып саналады?

Егер төмендегідей ниеттер болса, артықшылық беру, құндылығына қарамастан, пара болып табылады:

- алушы немесе басқа тұлға тарапынан лайықсыз мінез-құлықты ынталандыру немесе көтермелеу (Коммерциялық параға сатып алу); немесе

 air astana  FlyArystan	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

- Мемлекеттік лауазымды тұлғаға лауазымдық міндеттерін атқаруы кезінде коммерциялық артықшылық алу немесе сақтап қалу мақсатымен (заңсыз немесе өзге жолмен) ықпал ету (Мемлекеттік лауазымды тұлғаны параға жығу).

Артықшылық беру, егер:

- сыбайлас жемқорлық пен паракорлыққа қарсы іс-қимыл туралы тиісті заңдар бойынша заңсыз бола;
- екінші тарап үшін міндеттеме немесе міндеттеме көрінімін тудырса;
- артықшылық беруші тұлғаны немесе осындай тұлғаның ұйымын оларға белгілі бір пайда беру немесе жалпы қолдау көрсету
- мақсатымен іс-әрекетке немесе әрекетсіздікке итермелеу мақсатымен жасалса;
- Мемлекеттік лауазымды тұлғаға не оның отбасы мүшесіне қызметшіге өзінің қызметтік міндеттеріне қатысты ықпал ету, қызметтік міндеттерін орындауын жеделдету немесе осындай Мемлекеттік лауазымды тұлғаның тарапынан жалпы қолдау алу үшін берілсе;
- құны, берілу жиілігі немесе тәсілі тұрғысынан негізсіз болса, пара болуы мүмкін.

7. Тағы қандай әрекеттерге тыйым салынады ?

Сондай-ақ Сіз үшін қабылданбайтын іс-әрекеттер мыналар:

- ақша қаражатын ұрлау және жалған есептер құрастыру, инсайдерлік ақпаратпен сауда жасау, ақша қаражатын жылыстату немесе қаражатты заңсыз иемдену сияқты қылмыстық әрекеттерді қоса алғанда, қаржылық тәртіпті бұзу;
- активтерді, қаражатты немесе зияткерлік меншікті қоса алғанда, Топтың ресурстарына рұқсатты немесе қолдануды Топтың алдын ала рұқсатынсыз пайдалану немесе басқа тұлғаларға жеке тәртіппен ұсыну;
- коммерциялық ұйымның жеке жұмыскерін, мемлекеттік (толық немесе ішінара) ұйымды немесе қандай да бір жергілікті немесе шетелдік Мемлекеттік лауазымды тұлғаны заңсыз әрекетке итермелеуге тырысу;
- тікелей немесе жанама түрде, агент немесе байланысты тұлға арқылы мыналарға пара ұсыну, беру немесе рұқсат беру/параға коммерциялық сатып алу:
 - а) жергілікті немесе шетелдік Мемлекеттік лауазымды тұлғаға немесе оның қандай да бір үлестес тұлғасына; немесе
 - б) коммерциялық немесе өзге ұйымның менеджеріне, қызметшісіне немесе жұмыскеріне;
- қандай да бір бәсекелестің, Топтың жеткізушісінің немесе тапсырыс берушісінің жұмыскеріне рұқсат етілмеген пайданы (мүліктік немесе өзге де) ұсыну немесе беру, бұл жосықсыз бәсекелестік артықшылыққа және Топтың бәсекелестерінен орынсыз

 air astana  FlyArystan	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

артықшылығына әкелуі мүмкін кез келген пайда сияқты бәсекелестік туралы қолданылатын ережелердің бұзылуына әкелуі мүмкін;

- Топқа қатысты бәсекелестік артықшылықты заңсыз алу мақсатымен мемлекеттік органдармен немесе Мемлекеттік лауазымды тұлғалармен болуы мүмкін қандай да болсын байланыстарыңызды пайдалану;
- Саясатқа сәйкес заңсыз төлемдер немесе назар аудару белгілері туралы немесе мұндай іс-әрекетке күдіктенуге негіз болатын қандай да болсын жағдайлар туралы хабарламау;
- Алаяқтық мәлімдемелерді қоса алғанда, тарапты қаржылық немесе өзге де пайда көруге немесе міндеттемеден жалтаруға итермелейтін іс-әрекеттер жасау;
- қаржылық немесе өзге де пайда көру немесе міндеттемеден жалтару мақсатымен жарақат алуға немесе мүліктің бүлінуіне әкеп соқтыратын әрекеттерді қоса алғанда, заңсыз іс-әрекеттер жасау;
- жабдықтау немесе шарттар жасасу бойынша жөнсіз қызметке қатысу;
- жоғарыда айтылғандардың кез келгенін жасыруға немесе бүркемелеуге тырысу.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы саясатқа
2-ҚОСЫМША

ТОП ЖҰМЫСКЕРІНЕ АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚТАР ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. **Топ Жұмыскерлері қызмет бабына байланысты Топ құрамына кірмейтін жеке немесе заңды тұлғалардан сыйлықтар, қонақжайлылық қызметтерін немесе сыйақының өзге де түрлерін алудан аулақ болуы керек.**
2. **Топ Жұмыскерлеріне келесі іс-әрекеттерді жасауға қатаң тыйым салынады:**
 - (а) үшінші тұлғалардан Сыйлықтар талап ету;
 - (б) қолма-қол ақша немесе оның баламасын (мысалы, сыйлық сертификаттары) алу;
 - (в) құны 30 000 (отыз мың) теңге және одан асатын кез келген Сыйлықты қабылдау;
 - (г) тендер кезінде немесе Сыйлықтар іскерлік шешімді сыйға тартушының пайдасына қабылдауға ықпал ету мақсатымен берілген сияқты көрінуі мүмкін кез келген басқа жағдайларда кез келген Сыйлықты қабылдау;
 - (д) кез келген Сыйлықты құқыққа қайшы болатын немесе солай болып көрінуі мүмкін жағдайларда алу.
3. **Ашықтық пен бақылауды қамтамасыз ету мақсатымен Жұмыскерлер өздеріне ұсынылған барлық Сыйлықтарды қабылданғанына немесе қабылданбағанына қарамастан, орталықтандырылған Сыйлықтар Тізілімінде¹³ тіркеуі тиіс. Егер Сыйлық ұсынылса, Жұмыскер Сыйлықтың құнын бағалауы керек. Сыйлықтың құны бірден анық болмаса, Жұмыскерлер интернет желісінен іздеуді қамтуы мүмкін орынды тәсілді қолдануы тиіс. Сонымен қатар, төменде Жұмыскер өзіне сыйлық ұсынылған кезде не істеуі керектігі туралы ұсынымдар келтірілген.**
4. **Жұмыскерлер құны 30 000 (отыз мың) теңге немесе одан астын ұсынылған кез келген Сыйлықтан бас тартуы тиіс. Бұған Сыйлық команда мүшелеріне арналған және олардың арасында бөлінуі мүмкін - мысалы, бірнеше заттан тұратын сыйлық себеті, Сыйлықта команда мүшелері арасында бөлу команданың әрбір мүшесінің құны 10 000 (он мың) теңгеден кем сыйлықты қабылдауына әкеп соқтыратын жағдайлар ғана кірмейді. Тікелей басшының келісімін алу және мұндай Сыйлықты Сыйлықтар Тізіліміне тіркеу қажет.**
5. **Сыйлық жасырын түрде алынған (яғни, сыйға тартушының жеке басын анықтау мүмкін болмаса) немесе құны 30 000 (отыз мың) теңге немесе одан асатын Сыйлықтан мәдени немесе хаттамалық себептер бойынша сыпайы түрде бас тартуға болмайтын жағдайларда Сыйлық тіркеу үшін COMPLIANCE қызметіне табыс етілуі тиіс. Мұндай Сыйлықты COMPLIANCE қызметі қайырымалдық ретінде жіктеп, құжаттауы мүмкін. Жағдайларға байланысты ол компанияның**

¹³ Сыйлықтар тізілімін «Эйр Астана» АҚ COMPLIANCE қызметі жүргізеді. Сыйлықты декларациялау үшін Сізге compliance@airastana.com мекенжайына электрондық хабарлама жіберіп, COMPLIANCE қызметіне хабарласу қажет.

	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясындағы Саясат	
	Департамент:	Комплаенс қызметі
	Нөмірі:	GRP-CMPL-AC_v2
	Күшіне ену күні:	12/09/2025
	Беттер саны:	21
	Қосымшалар:	2

ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес кейіннен аукционға шығарылуы немесе компания ішінде ойнатылуы немесе қайырымдылық ұйымына берілуі мүмкін.

Ұсынымдар:

Сыйлықты Мемлекеттік лауазымды тұлға/ Мемлекеттік лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі ұсынбайтын жағдаят

Сыйлықтың құны	Мен Сыйлықты қабылдай аламын ба?	Менің тікелей басшымның келісімі қажет пе?	Сыйлықтар Тізілімін толтыру қажет пе?
Жарнамалық өнім (номиналды құны – 10 000 теңгеден аспайды)	Иә	Жоқ	Жоқ
Құны 30 000 теңгеге дейінгі сыйлық	Иә	Иә	Иә
Құны 30 000 теңге және одан асатын сыйлық	Жоқ (топтық Сыйлықты қоспағанда)	Жоқ (рұқсат етілмейді)	Иә (топтық Сыйлық болса)

Сыйлықты Мемлекеттік лауазымды тұлға/ Мемлекеттік лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі ұсынатын жағдаят

Сыйлықтың құны	Мен Сыйлықты қабылдай аламын ба?	Менің тікелей басшымның келісімі қажет пе?	Сыйлықтар Тізілімін толтыру қажет пе?
Жарнамалық өнім (номиналды құны – 10 000 теңгеден аспайды)	Жоқ	Жоқ (рұқсат етілмейді)	Жоқ
Құны 30 000 теңгеге дейінгі сыйлық	Жоқ	Жоқ (рұқсат етілмейді)	Жоқ
Құны 30 000 теңге және одан асатын сыйлық	Жоқ	Жоқ (рұқсат етілмейді)	Жоқ